

Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 20 наурыздағы N 239 Заңы

Роттердамда 1998 жылғы 10 қыркүйекте қол қойылған Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАУІПТІ ХИМИЯЛЫҚ
ЗАТТАР МЕН ПЕСТИЦИДТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АЛДЫН АЛА НЕГІЗДЕЛГЕН
КЕЛІСІМ РӘСІМІ ТУРАЛЫ РОТТЕРДАМ КОНВЕНЦИЯСЫ**

(2008 жылғы 30 қаңтарда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Осы Конвенцияның Тараптары

халықаралық саудадағы жеке қауіпті химиялық заттар мен пестицидтердің денсаулыққа және қоршаған ортаға зиянды әсерін етуін сезіне отырып.

"уытты және қауіпті өнімдердің заңсыз халықаралық айналымының алдын алуды қоса алғанда, уытты химиялық заттарды пайдалануды экологиялық қауіпсіз басқаруға қатысты қоршаған орта және оны дамыту жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының тиісті ережелеріне және ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінің 19-тарауына сүйене отырып.

ЮНЕП халықаралық саудадағы, сондай-ақ ФАО пестицидтерін орналастыру және пайдалану саласындағы Халықаралық тәртіп кодексіндегі (төменде»Халықаралық тәртіп деп аталатын) химиялық заттар туралы ақпараттар алмасудың өзгерген Лондондық басшылық принциптерінде (төменде»өзгертілген Лондондық басшылық принциптері» деп аталатын) қамтылған алдын ала негізделген келісімнің ерікті рәсімін қолдану жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі Бағдарламасы (ЮНЕП) мен Біріккен Ұлттардың Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) атқарған жұмыстарын ескере отырып.

дамушы елдердің және өтпелі экономикасы бар елдердің жағдайлары мен ерекше қажеттіліктерін, әсіресе Тараптар арасындағы ынтымақтастыққа технологияны беруді, қаржылай және техникалық көмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, химиялық заттарды тиімді пайдалану саласындағы ұлттық мүмкіндіктер мен әлеуетті күшейту қажеттілігін назарға ала отырып,

транзиттік тасымалдар туралы ақпаратқа кейбір елдердің ерекше қажеттіліктерін ескере отырып.

Халықаралық тәртіп кодексінде және ЮНЕП химиялық заттарымен халықаралық сауда саласындағы Этика кодексінде жазылған ерікті стандарттарды ескере отырып, барлық елдерде химиялық заттарды ұтымды пайдалану тәжірибесін таратуға жәрдемдесу қажеттілігін мойындай отырып,

солардың аумағынан экспортталатын қауіпті химиялық заттардың өзгертілген Лондондық басшылық принциптері мен Халықаралық тәртіп кодексі принциптеріне сәйкес келетін, адам денсаулығы мен қоршаған ортаны сенімді қорғауды қамтамасыз ететін әдіспен оралуын және таңбалауды қамтамасыз етілуін қалай отырып.

орнықты дамуға жету мақсаттарында сауда және қоршаған орта саласындағы қызметтің негізгі бағыттары өзара толықтырулар болуы тиісті екенін мақұлдай отырып

осы Конвенцияның бірде-бір ережесінің халықаралық саудадағы немесе қоршаған ортаны қорғаудағы химиялық заттарға қатысты қолданылатын кез-келген халықаралық келісім шеңберіндегі кез-келген Тараптың құқықтары мен міндеттерінің қандай да бір өзгерісін білдіруші ретінде түсінік бермейтіндігін көрсете отырып,

жоғарыда жазылған белгілі бір бөліктің осы Конвенция мен басқа халықаралық келісімдер арасында иерархияны белгілемейтінін түсіне отырып.

халықаралық саудада жекелеген химиялық заттар мен пестицидтердің әлеуетті зиянды әсер етуінен адам денсаулығын, оның ішінде тұтынушылар мен жұмыскерлердің денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөнінде нақты шешім қабылдай отырып.

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-бап

Мақсат

Осы Конвенцияның мақсаты - олардың қасиеттері туралы ақпаратпен алмасуды жеңілдету жолымен оларды экологиялық негізделген пайдалануға әлеуетті зиянды әсер етуден және бірлесе әрекет етуден, олардың импорты мен экспортына қатысты шешімдерді қабылдау процесінің ұлттық деңгейінде жүзеге асыру туралы ережелерді бекітуден және Тараптар арасында осы шешімдерді таратудан адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау үшін халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттарға Тараптардың ортақ жауапкершілігін және бірлескен күш-жігерін қамтамасыз етуге ықпал ету.

2-бап

Анықтамалар

а)»"химиялық заттар" өз бетімен немесе препараттың қоспасында немесе құрамында болатын және өндірістік әдіспен дайындалған немесе табиғи жолмен алынған, бірақ құрамында ешқандай тірі организмдер болмайтын заттарды білдіреді. Бұл термин мынадай санаттарды: пестицидтер (аса қауіпті пестицидтер құрамдарын қоса алғанда) мен өндірістік химикаттарды қамтиды;

б)»"тыйым салынған химиялық заттар" химиялық затты білдіреді, бір немесе бірнеше санат шеңберінде адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатында соңғы регламенттеуші қаулымен тыйым салынған қолданудың барлық түрі. Бұған бірінші рет пайдалануға рұқсат берілмеген немесе өндірістен не елдің ішіндегі саудадан не осы елде олардың сатылуына рұқсат құралын одан әрі қарау процесінен шыққан химиялық заттар енеді, сонымен бірге осындай шаралардың адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатында қабылданғанына айқын куә болады;

с)»"қатаң шектелген химиялық заттар" химиялық затты білдіреді, бір немесе бірнеше санат шеңберінде адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатында соңғы регламенттеуші қаулымен тыйым салынған шын мәніндегі кез-келген пайдалану, бірақ қолданудың жеке де нақты түрлеріне қатысты рұқсат етіледі. Бұған бірінші рет пайдалануға рұқсат берілмеген немесе өндірістен не елдің ішіндегі саудадан не осы елде олардың сатылуына рұқсат құралын бұдан арғы қарау процесінен шығарылған химиялық заттар енеді, сонымен бірге, осындай шаралардың адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатында қабылданғанына айқын к у ә б о л а д ы ;

д) "аса қауіпті пестицид құрамы" пайдалану жағдайында бір немесе бірнеше рет әсер етуден кейінгі уақыттың қысқа кезеңінің ішінде байқалған адам денсаулығына немесе қоршаған орта үшін елеулі салдар туғызатын пестицид ретінде пайдалану үшін алынған химиялық затты білдіреді;

е)»"соңғы регламенттеуші қаулы" мақсаты химиялық заттарға тыйым салумен немесе қатаң шектеумен аяқталатын бұдан кейінгі регламенттеуші қаулыны талап етпейтін Тараптың шығарғанын білдіреді;

ф)»"экспорт" және»"импорт" олардың тиісті мағынасының шеңберіндегі транзиттік операцияларды алып тастағанда, бір Тараптан басқа Тарапқа химиялық заттардың а у ы с у ы ;

г)»"Тарап" осы Конвенцияның міндеттерімен байланысты болатын немесе осы Конвенция күшіне енген мемлекетті немесе экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұ й ы м ы н бі л д і р е д і ;

h)»"экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы" қандай да бір өңірдің егемен мемлекеттерімен құрылған оның мүше мемлекеттеріне осы Конвенциямен реттелетін мәселелермен айналысу тапсырылған және осы Конвенцияға қол қою, ратификациялау, қабылдау және мақұлдау немесе оған қосылу өздерінің ішкі рәсімдерімен сәйкес тиісінше уәкілдік берілген ұйымды білдіреді.

i) "Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет" 18-баптың 6-тармағында айтылған көмекші органды білдіреді.

3-бап

Конвенцияның қолданылу аясы

1. Осы Конвенция қатынаста қолданылады:

- a) тыйым салынған немесе қатаң шектелген химиялық заттарға; және
- b) аса қауіпті пестицидтер құрамына қатысты қолданылады.

2. Осы Конвенция қатынаста қолданылмайды:

- a) есірткі құралдары мен психотроптық заттарға;
- b) радиоактивті материалдарға;
- c) қалдықтарға;
- d) химиялық қаруларға;
- e) адамдарға арналған дәрілер мен мал дәрілері құралдарын қоса алғанда, фармацевтік препараттарға;
- f) тамақ қосымшалары ретінде пайдаланылатын химиялық заттарға;
- g) саудаға;
- h) олар импортталған жағдайда, адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға қолайсыз әсер ете қоймайтын көлемдегі химиялық заттарға,
- i) зерттеулер немесе талдау жүргізу мақсаттары үшін; немесе
- ii) дұрыс пайдаланудың осындай түрі үшін, жеке тұлғалармен пайдалануға арналған жекеленген сандық қолданысы үшін.

4-бап

Тағайындалған ұлттық органдар

1. Әрбір Тарап осы Конвенциямен қарастырылған әкімшіліктік қызметтерді орындау барысында өзінің атынан қатысатын бір немесе бірнеше ұлттық органдарды тағайындайды.

2. Әрбір Тарап осындай органның немесе органдардың өз міндеттерін тиімді орындауы үшін жеткілікті ресурстарды игеруді қамтамасыз етуге ұмтылады.

3. Әрбір Тарап осы Конвенцияның ол үшін күшіне енген күнінен кешіктірмей хатшылыққа осындай органның немесе органдардың мекен-жайын хабардар етеді. Ол осындай органның немесе органдардың атауларына немесе мекен-жайларына қатысты кез-келген өзгерістер туралы хатшылыққа хабардар етеді.

4. Хатшылық Тараптарға 3-тармаққа сәйкес алынған хабарламалар туралы кешіктірместен ақпарат береді.

5-бап

Тыйым салынған немесе қатаң шектелген химиялық заттарға қатысты рәсімдер

1. Соңғы регламенттеуші қаулы қабылдаған әрбір Тарап хатшылыққа осындай қаулы туралы хабарламаны жазбаша түрде жібереді. Осындай хабарлама мүмкіндігінше тезірек жіберіледі және кез-келген жағдайда соңғы регламенттеуші қаулы күшіне енген күнінен кейін тоқсан күннен кешіктірмеу керек және егер бар болса, I-қосымшаға сәйкес талап етілетін ақпаратты қамтиды.

2. Өзгерген Лондондық басшылық принциптеріне немесе Халықаралық тәртіп кодексіне сәйкес осындай хабарламаларды қайта ұсынбауы тиіс соңғы регламенттеуші қаулылар туралы хабарламалар ұсынған барлық Тараптарды қоспағанда, әрбір Тарап осы Конвенция ол үшін күшіне енген күнінен бастап хатшылыққа осы уақыттағы қолданыстағы соңғы регламенттеуші қаулылар туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

3. Хатшылық 1 және 2-тармақтарға сәйкес хабарламаларды алғаннан кейін алты айдан кешіктірмей тезірек және кез-келген жағдайда хабарламада I-қосымшаға сәйкес талап етілетін ақпараттың бар болуын анықтайды. Егер, хабарламада қажетті ақпарат болса, хатшылық барлық Тараптарға кешіктірместен алынған ақпараттың резюмесін жібереді. Егер хабарламада талап етілген ақпарат жоқ болған жағдайда, хабардар ететін Тарапқа тиісті түрде хабарлайды.

4. Хатшылық Тараптарға әр алты ай сайын 1 және 2-тармақтарға сәйкес алынған ақпаратқа I-қосымшаға сәйкес талап етілген сол хабарландыруларға қатысты толық баяндалмаған ақпараттарды қоса алғанда, қысқаша шолуды жібереді.

5. Хатшылық тексеріске I-қосымшаның талаптарын қанағаттандыратын тексеріске сәйкес нақты химиялық заттарға қатысты алдын ала негізделген келісім рәсіміне қолданылатын әрбір екі өңірден кем дегенде бір хабарлама алғаннан кейін оларды Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитетке жібереді. Тараптар Конференциясының бірінші мәжілісінде алдын ала негізделген келісудің рәсімімен қамтылып отырылғандардың өңірлер құрамы пәтуасымен қабылданатын шешімінде анықталады.

6. Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет осындай хабарламалар шеңберінде ұсынылған және II-қосымшада жазылған өлшемдерге сәйкес ақпараттарға шолу жасайды және Тараптар Конференциясы қаралатын химиялық заттардың алдын ала негізделген келісімнің рәсіміне түсуі және тиісінше III-қосымшаға қосылуының тиістігі туралы ұсыным шығарады.

6-бап

Аса қауіпті пестицидтер құрамдарына қатысты рәсімдер

1. Дамушы ел немесе өтпелі экономикасы бар ел және оның аумағында оны пайдалану шарттары кезінде қандай да бір аса қауіпті пестицидтер құрамынан пайда болатын проблемаларды бастан өткізіп отырған кез-келген Тарап хатшылыққа осы қауіпті құрамды ІІІ-қосымшаға қосуды ұсына алады. Тарап ұсынысты дайындау кезінде кез-келген тиісті деректерден техникалық сараптамалық деректерге сүйене алады. Бұл ұсыныста ІУ-қосымшаның 1-бөлігінде қарастырылған қажетті ақпарат б о л у ы т и і с .

2. Хатшылық неғұрлым тезірек, бірақ 1-тармақта қарастырылған ұсынысты алғаннан кейін алты айдан кешіктірмей кез-келген жағдайда, ондағы ІУ-қосымшаның 1-бөлігіне сәйкес талап етілген ақпараттың бар болуын тексереді. Егер, ұсыныста талап етілген ақпарат бар болса, хатшылық барлық Тараптарға алынған ақпараттың резюмесін кешіктірместен жібереді. Егер, осындай ақпарат ұсыныста жоқ болса, ол ұсынып отырған Тарапқа бұл туралы ақпарат береді.

3. Хатшылық, 2-тармаққа сәйкес бағытталған ұсынысқа қатысты ІУ-қосымшаның 2-бөлігінде белгіленген қосымша ақпаратты жинайды.

4. Нақты аса қауіпті пестицидтер құрамына қатысты жоғарыдағы талаптар 2 және 3-тармақтарда қарастырылғаннан кейін орындалған соң, хатшылық Химиялық заттарды қарастыру жөніндегі комитетке ұсыныс пен тиісті ақпаратты жібереді.

5. Химиялық заттарды қарастыру жөніндегі комитет ұсыныста бар ақпаратты және жиналған қосымша ақпаратты қарайды және ІУ-қосымшаның 3-бөлігінде анықталған өлшемдерге сәйкес Тараптар Конференциясына алдын ала негізделген келісімдер шеңберінде және ІІІ-қосымшаға сәйкес осы аса қауіпті пестицидтер құрамын қосу қажеттілігіне қатыстығы туралы ұсыным шығарады.

7-бап

Химиялық заттарды ІІІ-қосымшаға қосу

1. Химиялық заттарды қарастыру жөніндегі комитет ІІІ-қосымшаға қосу үшін ұсынуға қаулы шығарған, әрбір химиялық заттарға қатысты шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжаттың жобасын дайындайды. Шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжат І-қосымшада көрсетілген ақпаратқа немесе ІУ-қосымшадағы жағдаяттарға байланысты негізделуі және соңғы регламенттеуші қаулы қолданылатын санаттан өзге қандай да бір санаттағы химиялық заттарды пайдалану түрлері туралы ақпаратты қосуы тиіс.

2. Тараптар Конференциясына 1-тармақта ескерілген ұсыныс және шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжаттың жобасы жіберіледі. Тараптар Конференциясы осы химиялық заттардың алдын ала негізделген келісімдер рәсімінде қамтылуы тиістігіне және тиісінше ІІІ-қосымшаға қосылуына қатысты шешім шығарады және шешім қабылдауға

жәрдемдесуге арналған құжаттың жобасын бекітеді.

3. Тараптар Конференциясы химиялық заттарды III-қосымшаға қосу туралы шешім қабылдағанда және шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған тиісті құжат бекіткенде, хатшылық барлық Тараптар арасында осы ақпаратты кешіктірместен таратады.

8-бап

Алдын ала негізделген келісімнің ерікті рәсімінде қамтылған химиялық заттар

Тараптар Конференциясының алғашқы мәжілісін өткізуді бастауға дейін алдын ала негізделген келісімнің ерікті рәсімінде қамтылған III-қосымшада көрінетін химиялық заттардан өзге кез-келген химиялық заттарға қатысты Тараптар Конференциясы бұл мәжілісте тап осы қосымшаға химиялық заттарды қосу туралы барлық талаптар орындалды деп сенген жағдайда оны III-қосымшаға қосу туралы шешім қабылдайды.

9-бап

Химиялық заттарды III-қосымшадан алу

1. Егер, Тараптар хатшылыққа III-қосымшаға сол немесе өзге химиялық заттарды қосу туралы шешім қабылдау уақыты кезінде болмаған ақпаратты ұсынса және осы ақпараттың оны қосу II-қосымшадағы өлшемдерге сәйкес немесе IV-қосымшадағы жағдайларға байланысты негізделген болып саналмайды, хатшылық осы ақпаратты Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитетке жібереді.

2. Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет 1-тармаққа сәйкес алатын ақпаратқа шолу жасайды. Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет II-қосымшадағы тиісті өлшемдерге сәйкес шешім қабылдайды немесе IV-қосымшадағы жағдайларға б а й л а н ы с т ы

III-қосымшадан оны қайтып алу ұсыным беруге тиісті шешім қабылдауға қатысты әрбір химиялық зат бойынша шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжаттың қайта қаралатын жобасын дайындайды.

3. 2-тармақта айтып өтілген кепілдеме Тараптар Конференциясына жіберіледі және шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжаттың қайта қаралатын жобасымен үлестіріледі. Тараптар Конференциясы осы химиялық заттарды III-қосымшадан қайта алу және шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжаттың қайта қаралатын жобасын мақұлдау керек екені туралы шешім қабылдайды.

4. Тараптар Конференциясы III-қосымшадан химиялық заттарды алу туралы шешім қабылдағаннан және шешім қабылдауға жәрдемдесуге арналған қайта қаралатын құжатты мақұлдағаннан кейін хатшылық осы ақпаратты барлық Тараптарға кешіктірместен жібереді.

10-бап

III-қосымшаға қосылған химиялық заттардың импортына қатысты міндеттемелер

1. Әрбір Тарап III-қосымшаға қосылған химиялық заттардың импортына қатысты уақытылы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін заңнамалық және әкімшіліктік шараларды жүзеге асырады.

2. Әрбір Тарап хатшылыққа осы химиялық заттардың болашақтағы импортын жүзеге асыруға қатысты жауапты мүмкіндігінше тезірек, бірақ кез-келген жағдайда 7-баптың 3-тармағында ескерілген шешімді қабылдауға жәрдемдесуге арналған құжатты жіберген күнінен кейін тоғыз айдан кешіктірмей жібереді. Егер, Тараптар жауапқа өзгерістер енгізетін болса, ол хатшылыққа қайта қаралған жауапты ұсынады.

3. Хатшылық 2-тармақта анықталған кезең біткеннен кейін осындай жауап ұсынбаған Тарапқа осыны жасау керектігі туралы жазбаша түрде кешіктірместен жібереді. Егер, Тарап жауап жібере алмаса, хатшылық тиісті жағдайларда оған 11-баптың 2-тармағындағы соңғы ұсыныста көрсетілген мерзімде жауап ұсынуға жәрдемдеседі.

4. 2-тармақта қарастырылған жауап мынадай нысандардың бірінде ұсынылады:

a) заңнамалық немесе әкімшіліктік шараларды атқаруға қабылданған соңғы шешім:

i) импортқа рұқсат беру

ii) импортқа рұқсат бермеу немесе

iii) тек нақты жағдайларда ғана импортқа рұқсат беру; немесе

b) қоса алатын аралық жауап:

i) нақты шарттарда немесе өзге жағдайларға рұқсат етілген импорт немесе аралық кезең ішінде рұқсат етілмеген импортты;

ii) соңғы шешімнің қызу талқылау үстінде екендігі туралы өтінішті;

iii) хатшылықтың немесе Тараптың атына жіберілген соңғы регламенттеуші қаулы туралы хабарлама беретін қосымша ақпарат ұсыну туралы өтінішті;

iv) хатшылыққа химиялық заттарға бағалау жүргізуде жәрдемдесу туралы өтініші

5. 4-тармақтың a) немесе b) тармақшаларында келтірілген жауаптар III-қосымшаға қосылған химиялық заттарға қатысты белгіленген санатқа немесе санаттарға жатады.

6. Соңғы шешім негізделген кез-келген заңнамалық немесе әкімшілік шаралардың мазмұндамасы үлестірілуі тиіс.

7. Әрбір Тарап осы Конвенцияның өз күшіне ену күнінен кешіктірмей хатшылыққа III-қосымшаға қосылған әрбір химиялық заттарға қатысты жауаптарды жібереді. Өзгерген Лондондық басшылық принциптеріне немесе Халықаралық тәртіп кодексіне сәйкес осындай жауаптарды ұсынған Тарап осындай жауаптарды қайта ұсынбауы тиіс.

8. Әрбір Тарап өздерінің заңнамалық немесе әкімшілік шараларымен өз жауаптарын

қазіргі баптың ережелеріне сәйкес оның юрисдикциясына түсіп қалғандардың, мүдделес тұлғалардың назарына жеткізеді.

9. Тарап жоғарыдағы 2 және 4-тармақтарға және 11-баптың 2-тармағына сәйкес сол немесе өзге химиялық заттардың импортына рұқсат бермеу немесе тек белгілі жағдайларда импортқа рұқсат беру шешімін қабылдайды, егер, ол мұны жасамаса, бір мезгілде тиым салады немесе ұқсас шарттарды орнатады:

- a) кез-келген көзден осы химиялық заттардың импортына арналған; және
- b) оның ішкі пайдалануға арналған отандық өндірісіне қатысты жағдайларға тыйым салады немесе бекітеді.

10. Хатшылық алты айда бір рет барлық Тараптарға олардан алынған жауаптар туралы ақпарат береді. Бұл ақпарат, егер, осындай мәліметтер бар болатын болса, негізделген шешімдер заңнамалық немесе әкімшілік шаралар туралы мәліметтерді қосылады. Сонымен қатар, хатшылық Тараптарға жауап ұсынбаудың кез-келген жағдайы туралы ақпарат береді.

11-бап

III-қосымшаға қосылған химиялық заттардың экспортына қатысты міндеттер

1. Әрбір экспорттаушы Тарап:

a) 10-баптың 10-тармағына сәйкес хатшылықпен жіберілген жауаптар туралы оның юрисдикциясына түсіп қалған мүдделес субъектілердің хабарламасына арналған тиісті заңнамалық немесе әкімшілік шараларды жүзеге асырады;

b) 10-баптың 10-тармағына сәйкес осындай жауап туралы хатшылық Тараптарға алғаш рет ақпарат бергенде, оның юрисдикциясына түсіп қалған экспорттаушылар осындай әрбір жауаптарда болатын шешімдерін орындау үшін сол мерзімнен кейін алты айдан кешіктірмей тиісті заңнамалық немесе әкімшіліктік шараларды қамтамасыз ету үшін қабылдайды;

c) импорттаушы Тараптарға олардың өтініші және тиісті үлгі бойынша консультативтік қызмет пен жәрдем көрсетеді:

i) 10-баптың 4-тармағына және 2 c) тармағына сәйкес шешім қабылдауда жәрдемдескен Тараптарға қосымша ақпарат алуға; төмендегі және

ii) химиялық заттарды қауіпсіз реттеу саласындағы олардың жарамдылығының мерзімі ішінде олардың мүмкіндігін және әлеуетін кеңейту.

2. Әрбір Тарап III-қосымшада көрсетілген химиялық заттар оның аумағынан кез-келген импорттаушы Тарапқа экспортталмауы үшін ерекше жағдайлар күшінде жауап жібермеу үшін немесе алдын ала шешімі болмайтын аралық жауап жіберуді қамтамасыз етеді, мынадай жағдайлардан басқа:

a) бұл-импорттық жеткізуді жүзеге асыру уақытында импорттаушы Тарапта химиялық зат ретінде тіркелген химиялық заттар;

б) бұл-импорттаушы Тарап аумағында бұрын пайдаланылғаны немесе онда импортталғанына және оны пайдалануға тыйым салу жөнінде ешқандай регламенттеуші шаралар қабылданбағанына қатысты ақпарат бар химиялық заттар;
н е м е с е

с) экспорттаушы импорттаушы Тараптың тағайындалған ұлттық органы арқылы импорттық жеткізуді жүзеге асыруға анық келісім сұрау салғанда және алғанда. Импорттаушы Тарап осындай өтінішке 60 күн ішінде жауап жібереді және хатшылыққа өзінің шешімі туралы хабардар етеді.

Экспорттаушы Тараптардың міндеттері осы тармаққа сәйкес хатшылық Тараптарды 10-баптың 10-тармағына сәйкес Тараптың жауап жібермегені немесе алдын ала шешімі болмайтын аралық жауап жібергені туралы бірінші ақпарат берген күнінен бастап алты ай мерзім өткен күнінен бастап қолданылады және бір жыл ішінде қолданыста болады.

12-бап

Экспорт туралы хабарлама

1. Тарап тыйым салған немесе қатаң шектелген қандай да бір химиялық зат оның аумағынан экспортталатын жағдайда, бұл Тарап импорттаушы Тарапқа экспорт туралы хабарлама жібереді. Экспорт туралы хабарламада V-қосымшада айқындалған ақпарат болады.

2. Экспорт туралы хабарлама тиісті соңғы регламенттеуші қаулы қабылданғаннан кейін бірінші экспорттық жеткізуге дейін химиялық заттарға қатысты ұсынылады. Ізінше экспорт туралы хабарлама қандай да бір күнтізбелік жылға бірінші экспорттық жеткізуге дейін жіберіледі. Экспортты жүзеге асыруға дейінгі хабарламаға қатысты талапты импорттаушы Тараптың тағайындалған ұлттық органы өзгеруі мүмкін.

3. Экспорттаушы Тарап экспорт туралы жаңа хабарламаны осы химиялық заттарға тыйым салуға немесе қатаң шектеуге қатысты өзгерістер шығатын соңғы регламенттеуші қаулыны алғаннан кейін жібереді.

4. Импорттаушы Тарап соңғы регламенттеуші қаулыны қабылдағаннан кейін алынған экспорт туралы бірінші хабарламаның алынғанын растайды. Егер, экспорттаушы Тарап экспорт туралы хабарламаны жібергеннен кейін 30 күн ішінде растауды алмаса, ол экспорт туралы екінші хабарламаны жібереді. Экспорттаушы Тарап екінші хабарламаны импорттаушы Тараптың алуын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

5. Қандай да бір Тараптың 1-тармақта анықталған міндеттемелері:

- а) химиялық зат III-қосымшаға қосылғанда;
- б) импорттаушы Тарап хатшылыққа 10-баптың 2-тармағына сәйкес химиялық

заттарға қатысты жауап бергенде; және

с) хатшылық Тараптар арасында 10-баптың 10-тармағына сәйкес жауап таратқанда қолданысын тоқтатады.

13-бап

Химиялық заттардың экспортталуы кезіндегі ілеспе ақпарат

1. Тараптар Конференциясы Дүниежүзілік кеден ұйымына III-қосымшаға қосылған әрбір химиялық затқа немесе әрбір химиялық заттар тобына Келісілген жүйе аясында, орынды түсініктен шыға отырып, нақты кедендік кодтар белгілеуді ұсынады. Барлық жағдайда осындай химиялық затқа тиісті код белгіленгенде, әрбір Тарап осы химиялық заттың экспортталуы кезінде осы кодтың ілеспе құжатта көрсетілуін талап етеді.

2. Әрбір Тарап импорттаушы Тараптың қандай да бір талаптары үшін зиянсыз III-қосымшаға қосылған химиялық заттар сияқты, оның аумағында тыйым салынған немесе қатаң шектелген заттарға тиісті халықаралық нормаларды есепке ала отырып, адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп-қатер және/немесе қауіптер туралы жеткілікті ақпараттың бар болуын қамтамасыз ететін таңбалауына қатысты талаптардың сақталуын талап етеді.

3. Импорттаушы Тараптың қандай да бір талаптары үшін әрбір Тарап зиянсыз химиялық заттарды экспорттау кезінде оның аумағында экологиялық немесе медициналық таңбалауға қойылатын талаптарға қатысты халықаралық нормаларды есепке ала отырып, адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп-қатер және/немесе қауіптер туралы жеткілікті ақпараттың бар болуын қамтамасыз ететін таңбалауға қатысты талаптардың сақталуын талап ете алады.

4. Әрбір экспорттаушы Тарап кәсіби мақсатта пайдалану үшін арналған 2-тармақта ескерілген химиялық заттарға қатысты халықаралық танылған қалыпқа сәйкес келуі және әрбір импорттаушыға ең соңғы ақпарат келтірілуі тиіс, қауіпсіздікке қатысты деректер нысанының жіберілуін талап етеді.

5. Қауіпсіздікке қатысты таңбалау этикеткесінде және деректер қалыбында ақпараттар импорттаушы Тараптың бір немесе бірнеше ресми тілдерінде мүмкіндігінше келтірілуі тиіс.

14-бап

Ақпарат алмасу

1. Тараптар тиісті үлгіде және осы Конвенцияның мақсаттарына сәйкес:

а) уытты және экоуытты сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, осы Конвенцияның қолданылу саласы аясында химиялық заттарға қатысты ғылыми, техникалық, экономикалық және құқықтық ақпараттармен, сондай-ақ қауіпсіздікке қатысты а қ п а р а т п е н а л м а с у ғ а ;

б) осы Конвенцияның мақсаттарын іске асыру үшін өзекті мәні бар ұлттық регламенттеуші қаулылар туралы жалпыға бірдей ақпаратты ұсынуға;

с) тиісті жағдайларда басқа Тараптарға тікелей немесе хатшылық арқылы химиялық заттарды қолданудың бір немесе бірнеше түрлерін қатаң шектейтін ішкі регламенттеуші шаралар туралы ақпарат ұсынуға жәрдемдеседі.

2. Осы Конвенцияны орындау барысында ақпарат алмасуды жүзеге асырушы Тараптар кез-келген құпия ақпаратты қорғауды өзара түсіністік негізінде қамтамасыз е т е д і .

3. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін мынадай ақпарат құпия саналмайды:

а) 5 және 6-баптарды орындау барысында ұсынылған I және IV-қосымшаларда ескерілген а қ п а р а т , тиісінше;

б) 13-баптың 4-тармағында ескерілген қауіпсіздікке қатысты деректер нысанындағы а қ п а р а т ;

с) химиялық заттардың жарамдылық мерзімі;

д) сақтандыру шаралары, оның ішінде қауіптілік деңгейі, қауіп-қатер сипаты және қауіпсіздікке қатысты тиісті ұсынымдар туралы ақпарат; және

е) уытты және экоуытты тексерістер нәтижелерінің резюмесі.

4. Химиялық заттардың шығарылған күні осы Конвенцияның мақсаттары үшін, әдетте, құпия ақпарат болып саналмайды.

5. III-қосымшаға қосылған химиялық заттарды транзиттік тасымалдау туралы ақпаратты қажет ететін кез-келген Тарап, оның аумағы арқылы тиісті үлгіде барлық Тараптарға ақпарат беретін хатшылыққа осы қажеттілік туралы хабардар етеді.

15-бап

Конвенцияны жүзеге асыру

1. Әрбір Тарап осы Конвенцияны тиімді жүзеге асыру мақсатында оның ұлттық инфрақұрылымдары мен мекемелерін жасау және нығайту үшін қажет болуы мүмкін шараларды қабылдайды. Бұл шаралар қажетіне қарай ұлттық заңнамаларды немесе әкімшіліктік сипаттағы іс-қимылдарды іске асыру немесе қабылдауды немесе өзгертуді қ о с а д ы ж ә н е :

а) химиялық заттарға қатысты ақпараттың қауіпсіздігіне қатысты ұлттық тіркелімдер және деректер базаларын құруды;

б) химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында өнеркәсіп ұсынған бастамаларды көтермелеуді; және

с) 16-баптың ережелерін есепке ала отырып, ерікті келісімдерге әрекет етуді қ а р а с т ы р у ы м ү м к і н .

2. Әрбір Тарап жұртшылықты химиялық заттармен жұмыс істеуде және апаттық жағдайда шаралар қолдану туралы және III-қосымшада санамаланған химиялық

заттарға қарағанда адам денсаулығына немесе қоршаған орта үшін едәуір қауіпсіз болатын альтернативалар жайлы ақпараттарға тиісінше қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3. Тараптар осы Конвенцияны тікелей немесе субөңірлік, өңірлік және жаһандық деңгейде жүзеге асыру ісінде құзырлы халықаралық ұйымдар арқылы дұрыс деп т а б а т ы н ж е р д е к е л і с е д і .

4. Осы Конвенция ережелерінің бірде-біреуі Тараптардың осы Конвенцияда қарастырылған адам денсаулығын қорғауды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған неғұрлым қатаң шараларды, осы Конвенцияның ережелеріне және халықаралық құқыққа сәйкес болған жағдайда қабылдау құқын шектеуші ретінде өзінше пайымдалмайды.

16-бап

Техникалық көмек

Тараптар, атап айтқанда, дамушы елдердің және өтпелі экономикасы бар елдердің қажеттіліктерін назарға ала отырып, осы Конвенцияны жүзеге асыру мүддесімен химиялық заттарды тиімді пайдалану саласындағы қажетті инфрақұрылымдар мен әлеуетті дамыту үшін техникалық көмекті кеңейтуге ынтымақтасады. Химиялық заттарды реттеудің неғұрлым жетілдірілген бағдарламалары бар Тараптар басқа Тараптарға кәсіби дайындықты қоса алғанда, олардың өмірлік циклі бойынша химиялық заттарды орынды пайдалану саласындағы инфрақұрылымдары мен әлеуетін дамыту ісінде техникалық көмек көрсетуі тиіс.

17-бап

Сақтамау

Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның ережелерін сақтамау фактісін белгілеу және осы ережелерді қадағаламаушылар ретінде танылған Тараптар қатысында шараларды қолдану үшін арнайы ресімдер мен ұйымдастырушылық тетіктерді әзірлейді және бекітеді.

18-бап

Тараптар Конференциясы

1. Осы арқылы Тараптар Конференциясы бекітіледі.

2. Тараптар Конференциясының бірінші мәжілісі бірлесе әрекет ететін ЮНЕП Атқарушы директоры мен ФАО Бас директоры, осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей шақырылады. Осыдан кейін Тараптар Конференциясының кезекті мәжілісі Конференцияда белгіленген кезеңде шақырылады.

3. Тараптар Конференциясының кезектен тыс мәжілістері Конференция мұны қажет деп санаған немесе кез-келген Тараптың жазбаша өтініші бойынша, бұл өтінішті Тараптардың үштен бірі қолдаған кезінде шақырылады.

4. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші өздері сияқты көмекші органдардың рәсімдер ережесіне және қаржы ережесіне, сондай-ақ хатшылық қызметін реттейтін қаржы ережелеріне консенсуспен келісім алады және қабылдайды.

5. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның жүзеге асу барысын үнемі бақылайды және тиісті бағасын береді. Ол Конвенциямен жүктелген қызметтерді орындайды және осы мақсатта:

а) 6-тармақта қарастырылған Конвенцияны орындауға қажет деп тапқан төмендегі көмекші органдарды бекітеді;

б) тиісті жағдайларда халықаралық ұйымдармен және үкіметаралық пен үкіметтік емес органдармен ынтымақтасады; және

с) осы Конвенцияның мақсатқа жетуін қамтамасыз ету үшін қажет кез-келген қосымша шараларды қарайды және қабылдайды.

6. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші кеңесінде Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет деп аталатын көмекші органды, осы Конвенцияға сәйкес Комитетке жүктелетін қызметтерді орындау үшін ратификациялайды. Бұған байланысты:

а) Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитеттің мүшелерін Тараптар Конференциясы бекітеді. Комитет химиялық заттарды реттеу саласындағы тағайындалған шектеулі санда үкіметтік сарапшылардан тұрады. Комитет мүшелері әділ географиялық орналасу негізінде есепке алына отырып, оның ішінде дамыған және дамушы елдер болып табылатын Тараптардың баланстағы өкілдіктерін қамтамасыз етуді қоса алғанда тағайындалады;

б) Тараптар Конференциясы Комитеттің жұмысын жүргізу, ұйымдастыру және қалыптастыру шеңбері туралы мәселені шешеді;

с) Комитет консенсус негізінде өздерінің ұсынымдарын шығару үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер, консенсусқа қол жеткізудің барлық мүмкіндіктері жасалған болса, ал консенсусқа қол жеткізілмесе, осындай ұсыным соңғы шара ретінде дауыс беруге қатысып отырған мүшелердің үштен екі басым даусымен қабылданады.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның арнайы мекемелері мен Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттігі, осы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын кез-келген Тарап Тараптар Конференциясының отырыстарында бақылаушы ретінде қатыса алады. Хатшылыққа Тараптар Конференциясы отырысына бақылаушы ретінде қатысқысы келетіндіктерін хабарлаған, Конвенция іс-қимылына қатысты салада жұмыс тәжірибесі бар басқа ұлттық немесе халықаралық, үкіметтік немесе үкіметтік емес органдар немесе мекемелер, егер Тараптар отырысына қатысып отырғандардың кем дегенде үштен бірі бұған қарсы болмаса, оған қатысуға жіберілуі мүмкін.

Бақылаушылардың жіберілуі мен қатысуы Тараптар Конференциясында қабылданған рәсімдер ережелерімен реттеледі.

19-бап

Хатшылық

1. Осымен хатшылық бекітіледі.

2. Хатшылыққа мынадай міндеттер:

а) Тараптар Конференциясының отырысын және оның көмекші органдарын ұйымдастыру және қойылатын талаптарға сәйкес оларға қызмет көрсету;

б) осы Конвенцияны жүзеге асыру ісіндегі өтініштері бойынша Тараптарға, бірінші кезекте дамушы елдер болып табылатын Тараптарға және өтпелі экономикасы бар Тараптарға көмек көрсетуге ықпал етеді;

с) басқа тиісті халықаралық органдардың хатшылықтарын қажетті үйлестірумен қ а м т а м а с ы з е т у ;

д) Тараптар Конференциясының жалпы басшылығымен оның қызметтерін тиімді орындау үшін талап етілуі мүмкін осындай әкімшіліктік немесе шарттық келісімдердің қ о р ы т ы н д ы с ы ;

е) осы Конвенцияда қарастырылған хатшылық қызметтерді және Тараптар Конференциясы анықтауы мүмкін осындай басқа да қызметтерді орындау жүктеледі.

3. ЮНЕП Атқарушы директоры мен ФАО Бас директоры осы Конвенция шеңберіндегі хатшылық қызметтерді олардың арасында келісілетін және Тараптар Конференциясы бекітетін келісімдерді есепке ала отырып, бірлесе орындайды.

4. Тараптар Конференциясы, егер ол хатшылық тетігінің болжанған тиісті себеппен қызмет атқармайды деген тұжырымға келсе, Тараптардың дауыс беруіне қатысып отырғандардың төрттен үш басымдылығымен хатшылық қызметті бір немесе бірнеше басқа құзыретті халықаралық ұйымдардың орындауына шешім қабылдауы мүмкін.

20-бап

Дауларды реттеу

1. Тараптар осы Конвенцияны талқылауға немесе қолдануға қатысты олардың арасындағы дауларды келіссөздер жолымен немесе өзінің таңдауы бойынша кез-келген өзге бейбіт тәсілмен реттейді.

2. Осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе оған қосылу кезінде немесе бұдан кейін кез-келген уақытта экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы болып табылмайтын Тарап Депозитариге Конвенцияны талқылауға немесе қолдануға қатысты кез-келген дауда осындай міндетті мойнына алған кез-келген Тарапқа қатысты дауды реттеудің мынадай құралдарының біреуін немесе екеуін де міндетті деп танитыны туралы жазбаша түрде өтініш бере алады:

а) Тараптар Конференциясы қабылдаған қосымшаға жататын рәсімдерге сәйкес іс жүзінде мүмкін болатын төрелік сотта қарау; және
б) дауды Халықаралық сотқа беру.

3. Экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы болып табылатын Тарап 2 а) тармағында ескерілген рәсімге сәйкес төрелік істі қарауға қатысты осы сипаттағы өтініштің берілу алады.

4. 2-тармаққа сәйкес жазылған өтініш осы өтініштің шарттарына сәйкес оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның пікірі туралы жазбаша хабарлама Депозитариге сақтауға берілгеннен кейін үш ай өткенге дейін күшінде қалады.

5. Өтініш, пікір туралы хабарлама немесе осындай жаңа өтініш мерзімінің аяқталуы, егер, дауласушы Тараптар өзгеше келіспесе, төрелік соттың немесе Халықаралық соттың қарауында жатқан істерді қарастырмайды.

6. Егер, дауласушы Тараптар 2-тармаққа сәйкес сол немесе кез-келген рәсімді қабылдаса және, егер, бір Тараптың басқа Тарапқа олардың арасында дау туғаны туралы хабарлағаннан кейін он екі ай өткен соң Тараптар өздерінің дауларын реттей алмағанда, кез-келген дауласушы Тараптың өтініші бойынша бұл дау келісім комиссиясына беріледі. Келісім комиссиясы ұсынымдары бар баяндаманы ұсынады. Келісім комиссиясына қатысты қосымша рәсімдер Конференцияның екінші мәжілісінен кешіктірмей Тараптар Конференциясы қабылдауға жататын қосымшаға қосылады.

21-бап

Конвенцияға түзетулер

1. Кез-келгені Тараптардың осы Конвенцияға өзгерістер ұсына алады.

2. Осы Конвенцияға түзетулер Тараптар Конференциясының кеңесінде қабылданады. Хатшылық кез-келген ұсынылған өзгерістің мәтінін оны қабылдауға ұсынатын кеңесті өткізуге дейін алты айдан кешіктірмей Тараптарға жібереді. Сондай-ақ, хатшылық ақпарат үшін осы Конвенцияға қол қойған елдерге және Депозитариге ұсынылған түзетулер мәтінін жібереді.

3. Тараптар консенсус жолымен осы Конвенцияға кез-келген ұсынылған түзетулер қабылдауға қатысты келісімге қол жеткізуге барлық күшін салады. Егер консенсусқа қол жеткізу үшін барлық құралдар қолданылып болса, онда соңғы шара ретінде дауыс беруге қатысып отырған Тараптардың төрттен үш басым даусымен өзгеріс қабылданады.

4. Депозитарий түзетулерді барлық Тараптарға ратификациялауға, қабылдауға немесе мақұлдауға жібереді.

5. Депозитариге түзетулерді ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы жазбаша хабарлама жіберіледі. 3-тармаққа сәйкес қабылданған өзгеріс оны қабылдаған

Тараптар үшін күшіне енеді, ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні Тараптардың кем дегенде төрттен үші жіберіледі. Одан әрі өзгеріс кез-келген басқа Тарап үшін осы Тараптың өзгерісті ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

22-бап

Қосымшалар қабылдау және оларға түзетулер енгізу

1. Осы Конвенцияға қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады, егер, өзгесі тура қарастырылмаса, осы Конвенцияға сілтеме сол уақытта оның кез-келген қосымшаларына сілтеме бола алады.

2. Қосымшалар рәсімдік, ғылыми, техникалық немесе әкімшіліктік мәселелермен шектеледі.

3. Осы Конвенцияға толықтырушы қосымшаларды ұсынудың, қабылдаудың және күшіне енудің мынадай рәсімі қолданылады:

а) толықтырушы қосымшалар 21-баптың 1, 2 және 3-тармақтарында баяндалған рәсімге сәйкес ұсынылады және қабылданады;

б) толықтырушы қосымша қабылдай алмайтын кез-келген Тарап Депозитариге бұл туралы Депозитарий осындай толықтырушы қосымша қабылданғаны туралы жазбаша нысанда хабарлаған күнінен бастап бір жылдың ішінде хабардар етеді. Депозитарий барлық Тараптарды олар алған кез-келген осындай хабарлама туралы кешіктірместен хабардар етеді. Кез-келген Тарап кез-келген уақытта бұрын жіберілген кез-келген толықтырушы қосымшаға қатысты қарсылығы туралы өтінішті төмендегі с) тармақшасын сақтай отырып, қосымша осы Тарап үшін күшіне енгеннен кейін қайтып ала алады; және

с) Депозитарий толықтырушы қосымша қабылдау туралы хабарлаған күнінен бастап бір жыл өткеннен соң осы қосымша жоғарыда б) тармақшасының ережелеріне сәйкес хабарлама ұсынбаған барлық Тараптар үшін күшіне енеді.

4. III қосымшадағы жағдайдан басқа осы Конвенция қосымшаларына түзетулер қабылдау және күшіне енгізу Конвенцияға толықтырушы қосымшалар ұсыну, қабылдау және күшіне енгізу үшін бекітілген ұқсас рәсіммен реттеледі.

5. III қосымшаға түзетулер ұсыну, оларды қабылдау мен күшіне енгізу мынадай рәсімде қолданылады:

а) III қосымшаға түзетулер 5-9-баптарда және 21-баптың 2-тармақшасында мазмұндалған рәсімге сәйкес ұсынылады және қабылданады;

б) Тараптар Конференциясы консенсусқа негізінде өз шешімдерін шығарады;

с) Депозитарий Тараптарға III қосымшаға түзетулер енгізуге қатысты шешім туралы кешіктірместен хабарлайды. Түзетулер барлық Тараптар үшін шешімде

көрсетілген күнінен бастап күшіне енеді.

6. Егер, толықтырушы қосымша немесе қосымшаға өзгеріс осы Конвенцияға өзгерістер енгізумен байланысты болса, онда осындай толықтырушы қосымша немесе түзету осы Конвенцияға түзету күшіне енгеннен кейін ғана күшіне енеді.

23-бап

Дауыс беру

1. Төмендегі 2-тармақта көзделген жағдайды қоспағанда осы Конвенцияның әрбір Тарабы бір дауысқа ие болады.

2. Экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы өз құзыретіне енген мәселелер бойынша осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын мүше мемлекеттердің санына тең дауыстар санына ие бола отырып, өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырады. Осындай ұйым, егер, оған мүше мемлекеттер өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асыратын және керісінше болса, өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырмайды.

3. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "дауыс беруге қатысатын Тараптар" "жақтап" немесе "қарсы" дауыс беруші қатысушыларды және дауыс берушілерді білдіреді.

24-бап

Қол қою

Осы Конвенция барлық мемлекеттер мен экономикалық ықпалдастықтың ұйымдары үшін 1998 жылғы 11 қыркүйекте Роттердамда және Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 1998 жылғы 12 қыркүйек - 1999 жылғы 10 қыркүйек аралығында қол қою үшін ашық.

25-бап

Ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу

1. Осы Конвенция мемлекеттер мен экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымдарының ратификациялауына, қабылдауына немесе мақұлдауына жатады. Ол мемлекеттер мен экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымдарының қосылуы үшін Конвенция қол қою үшін жабылғаннан кейінгі келесі күнінен бастап ашық. Ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға тапсырылады.

2. Осы Конвенцияның Тарабы болатын экономикалық ықпалдастықтың кез-келген өңірлік ұйымы оның мүше мемлекеттерінің бірде-бірі Тарап болып табылмайтын уақытта Конвенциядан туындайтын барлық міндеттемелермен байланысты болады. Осындай ұйымның бір немесе бірнеше мүше мемлекеттері Конвенция Тараптары

болып табылған жағдайда, бұл ұйым және оның мүше мемлекеттері Конвенциядан туындайтын өз міндеттемелерін орындау жөніндегі тиісті міндеттері туралы мәселені шешеді. Осындай жағдайларда ұйым және мүше мемлекеттері осы Конвенциядан туындайтын құқықты бір уақытта жүзеге асыра алмайды.

3. Экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өз құжаттарында осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыретінің саласы туралы жазады. Сондай-ақ, кез-келген осындай ұйым өз кезегінде Тараптарға оның құзыреті саласының кез-келген тиісті өзгеруі туралы хабарлайтын Депозитарийді хабардар етеді.

26-бап

Күшіне ену

1. Осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы елуінші құжат сақтауға тапсырылған күнінен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы елуінші құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін ратификациялайтын, қабылдайтын немесе мақұлдайтын немесе оған қосылатын әрбір мемлекет немесе экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы үшін Конвенция осындай мемлекет немесе экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өз құжатын сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

3. 1 және 2-тармақтардың мақсаттары үшін экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы сақтауға тапсырған кез-келген құжат осы ұйымның мүше мемлекеттері сақтауға тапсырған құжаттарға қосымша ретінде қаралмайды.

27-бап

Ескертпелер

Осы Конвенцияға ешқандай ескертпелерге жол берілмейді.

28-бап

Шығу

1. Тараптар үшін осы Конвенция күшіне енгізілген күнінен бастап үш жыл өткен соң кез-келген уақытта осы Тарап Депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, Конвенциядан шыға алады.

2. Кез-келген осындай шығу Депозитарий шығу туралы хабарлама алған күнінен бастап бір жыл өткен соң немесе шығу туралы хабарламада көрсетілуі мүмкін неғұрлым осындай кешірек мерзімде күшіне енгізіледі.

29-бап

Депозитарий

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның Депозитарий болып табылады.

30-бап

Бірдей мәтіндер

Осы Конвенция мәтіндерінің ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде де тең болатын түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына с а қ т а у ғ а т а п с ы р ы л а д ы .

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА төменде қол қойғандар осыған тиісті түрде уәкілеттілер осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылы қыркүйек айының оныншы күні Роттердамда жасалды.

I қосымша

5-БАПҚА СӘЙКЕС ҰСЫНЫЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАРДА БОЛАТЫН АҚПАРАТҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

Хабарламалар мынадай ақпаратты қамтиды:

1. Сипаты, анықтау, және қолдану түрлері
 - a) жалпы атауы;
 - b) халықаралық деңгейде (мысалы, Халықаралық теориялық және қолданбалы химия одағының (ХТҚХО) танылған номенклатура шеңберіндегі химиялық атауы, егер, осындай номенклатура болған;
 - c) сауда атаулары және құрамдар атаулары;
 - d) кодтық нөмірлер: Химия бойынша аналитикалық шолулар дайындау қызметінің (КАС) нөмірі, Кедендік кодтардың келісілген жүйесі және басқа нөмірлер;
 - e) химиялық зат жіктеуге қатысты талаптарға түскен жағдайларда, қауіптілік жіктеуі туралы ақпарат;
 - f) түр немесе пайдалану түрлері;
 - g) физикалық-химиялық, уыттылық және экоуыттылық қасиеттер.
2. Соңғы регламенттеуші қаулы
 - a) Соңғы регламенттеуші қаулыға қатысты ақпарат:
 - i) соңғы регламенттеуші қаулының резюмесі;
 - ii) регламенттеуші құжатқа сілтеме;
 - iii) соңғы регламенттеуші қаулының күшіне енген күні;

iv) қауіп-қатері/қауіптілікті бағалау негізінде қабылданған соңғы регламенттеуші қаулы болғаны туралы хабар; және оң нәтижелі жағдайда тиісті құжаттамаға сілтемені қосатын осындай баға туралы ақпарат;

v) тұтынушылар мен жұмыскерлер денсаулығын қоса алғанда, адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты соңғы регламенттеуші қаулыны қабылдау с е б е п т е р і ;

vi) тұтынушылар мен жұмыскерлердің денсаулығын қоса алғанда, адам денсаулығы немесе қоршаған орта үшін химиялық заттармен байланысты қауіптілікке және қауіп-қатерге және соңғы регламенттеуші қаулыны қабылдаудың болжамды салдарларына ш о л у ;

b) әрбір санат бойынша бөлгенде соңғы регламенттеуші қаулы қабылданатын санат немесе с а н а т т а р :

i) соңғы регламенттеуші қаулыға сәйкес тыйым салынған пайдалану түрі немесе түрлері ;

ii) бұрынғыдай рұқсат етілген пайдалану түрі немесе түрлер;

iii) өндірілетін, импортталатын, экспортталатын және пайдаланылатын химиялық заттар көлемдерінің бағалау, c) соңғы регламенттеуші қаулы басқа мемлекеттер мен өңірлер үшін өзекті болуын егер, мұндай баға бар болған жағдайда, мүмкіндігінше көрсету;

d) келесі элементтерді қосуы мүмкін, өзге кез-келген басқа тиісті ақпарат:

i) соңғы регламенттеуші қаулыны қабылдаумен байланысты әлеуметтік-экономикалық салдарларды бағалауды;

ii) егер, мұндай бар болса, альтернативалар және олармен байланысты қауіп-қатерлер туралы ақпарат, мысалы:

- ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрестің кешенді стратегиясы;
- экологиялық таза технологияны қоса алғанда, өндірістік әдістер мен процестер.

II қосымша

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН НЕМЕСЕ ҚАТАҢ ШЕКТЕЛГЕН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ІІІ ҚОСЫМШАҒА ҚОСУ ӨЛШЕМІ

Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет 5-баптың 5-тармағына сәйкес хатшылық жіберген хабарламаны қарау кезінде:

a) соңғы регламенттеуші қаулының адам денсаулығын немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатында қабылданғанын растайды;

b) соңғы регламенттеуші қаулы тәуекелдікті бағалау қорытындысының негізінде қабылданғанын белгілейді. Бұл баға тиісті Тараптағы басым түсетін шарттардың контексіндегі ғылыми деректерді шолуға негізделуі тиіс. Осы мақсат үшін ұсынылған құ ж а т т а м а д а :

- i) деректердің ғылыми танылған әдістер көмегімен алынғаны;
- ii) деректер шолуларының жалпы танылған ғылыми принциптерді және рәсімдерді сақтай отырып жүргізілгені және құжат түрінде ресімделгені;
- iii) соңғы регламенттеуші қаулының қаулыны қабылдаушы Тараптағы басым түсетін шарттарды есепке ала отырып, тәуекелдіктерді бағалау қорытындысына негізделгені а й қ ы н д а л у ы т и і с
- с) соңғы регламенттеуші қаулының химиялық заттарды III қосымшаға қосу үшін жеткілікті түрде кеңінен негізделгенін қамтамасыз ететіндігін мыналарды:
- i) соңғы регламенттеуші қаулының осы химиялық заттардың тұтыну көлемінің немесе оны қолдану түрлері санының елеулі қысқаруына алып келгенін немесе күтілетіндей а л ы п к е л е т і н і н ;
- ii) соңғы регламенттеуші қаулы хабарлама ұсынған Тараптағы адам денсаулығына немесе қоршаған орта үшін тәуекелдіктің іс жүзіндегі азаюына алып келгенін немесе күтілетіндей елеулі азаюына алып келетінін;
- iii) тек шектеулі географиялық аймақта немесе басқа да шектеулі жағдайларда қолданылған соңғы регламенттеуші қаулыны қабылдау үшін негіз болған пікір б о л ғ а н ы н ;
- iv) халықаралық деңгейде осы химиялық заттармен жалғасқан сауда фактілерінің барлығын есепке ала отырып анықтайды;
- d) алдын ала болжанған дұрыс пайдаланбау химиялық заттарды III қосымшаға қосу үшін жеткілікті негіз болып табылмайтынын ескереді.

III қосымша

АЛДЫН АЛА НЕГІЗДЕЛГЕН КЕЛІСІМ РӘСІМІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫНА ТҮСЕТІН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР

Химиялық зат	КАС тиісті нөмірі (лері)	Санаты
2, 4, 5-Т	93-76-5	Пестицид
Альдрин	309-00-2	Пестицид
Каптафол	2425-06-1	Пестицид
Хлордан	57-74-9	Пестицид
Хлордимерформ	6164-98-3	Пестицид
Хлорбензилат	510-15-6	Пестицид
ДДТ	50-29-3	Пестицид
Дильдрин	60-57-1	Пестицид
Диносеб және диносебтың тұздары	88-85-7	Пестицид
1,2-диброметан	106-93-4	Пестицид
Фторацетамид	640-19-7	Пестицид
НСН (аралас изомерлер)	608-73-1	Пестицид

Гептахлор	76-44-8	Пестицид
Гексахлорбензол	118-74-1	Пестицид
Линдан	58-89-9	Пестицид
Сынап бірігуі, сынаптың органикалық емес бірігуін қосу, алкилсынаптың бірігуі, сонымен қатар, алкилоксиалкилдік және арилденген сынап бірігуі		Пестицид
Пентахлорфенол	87-86-5	Пестицид
Монокротофос (600 г/л-дан асатын, белсенді ингредиенттері бар еритін сұйық құрамдар)	6923-22-4	Аса қауіпті пестицидтік құрам
Метамидофос (600 г/л-дан асатын, белсенді ингредиенттері бар еритін сұйық құрамдар)	10265-92-6	Аса қауіпті пестицидтік құрам
Фосфамидон (1000 г/л-дан асатын, белсенді ингредиенттері бар еритін сұйық құрамдар)	13171-21-6	Аса қауіпті пестицидтік құрам
Химиялық зат	КАС тиісті нөмірі (лері)	Санаты
Метилпаратион (19,5-,40-,50-,60-проценттік белсенді құрамдас бөліктері бар және 1,5-,2- және 3-проценттік белсенді құрамдас бөліктері бар эмульгаторланған концентраттар (ЭШ))	298-00-0	Аса қауіпті пестицидтік құрам
Паратион Осы заттың барлық құрамы - капсулалардағы суспензиялардан (КЖ) басқа, аэрозолдар, тозаңдатылатын ұнтақтар (СҰ), эмульгаторланған концентраттар (ЭШ), түйіршіктер (Т) және суланған ұнтақтар (СҰ)	56-38-2	Аса қауіпті пестицидтік құрам
Кроцидолит	12001-28-4	Өндірістік химикат
Полибромдалған дифенилдер (ПБД)	3 6 3 5 5 - 0 1 - 8 (г е к с а -) 27858-07-7 (окта-) 13654-09-6 (дека-)	Өндірістік химикат
Полихлорланған дифенилдер (ПХД)	1336-36-3	Өндірістік химикат
Полихлорланған терфинилдер (ПХТ)	61788-33-8	Өндірістік химикат
Трис (2,3-дибромпропил) фосфат	126-72-7	Өндірістік химикат

IV қосымша

АСА ҚАУІПТІ ПЕСТИЦИДТІК ҚҰРАМДАРДЫ ІІІ ҚОСЫМШАҒА ҚОСУҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕР

1-бөлім. Ұсынушы Тараптан талап етілетін құжаттама

6-баптың 1-тармағына сәйкес ұсынылған ұсыныстардың келесі ақпаратты қамтитын
лайықты құжаттамасы үлестіріледі:

- a) қауіпті пестицидтік құрамның атауы;
- b) белсенді ингредиентті немесе құрамдағы ингредиенттер атауы;
- c) құрамдағы белсенді ингредиенттің салыстырмалы көлемі;
- d) құрамның типі;
- f) ұсынушы Тарапта құрамды қолданудың кеңінен таралған және танылған түрлері;
- g) қолайсыз салдарларды және пестицидтік құрамның қалай пайдаланғанын қоса алғанда, проблемаға қатысы бар оқиғаларды нақты сипаттау;
- h) кез-келген регламенттеуші, әкімшілік немесе өзге шаралар қабылдаған немесе ұсынушы Тараппен сондай жағдайлардың пайда болған нәтижесінде қабылданатын болады.

2-бөлім. Жинақталуын хатшылық жүзеге асыратын ақпарат

6-баптың 3-тармағына сәйкес хатшылық құрамға қатысты тиісті ақпараттың жинақталуын жүзеге асырады, қоса алғанда:

- a) құрамның физикалық-химиялық, уыттылық және экоуыттылық қасиеттерін;
- b) басқа мемлекеттердегі қайта өңдеуге немесе қолдануға қатысты шектеудің барлығы туралы ақпаратты;
- c) басқа мемлекеттердегі құраммен байланысты оқиғалар туралы ақпаратты;
- d) басқа Тараптар, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар немесе ұлттық, сонымен бірге халықаралық басқа тиісті көздердің желісі бойынша ұсынған ақпаратты;
- e) тәуекелдік және/немесе қауіптілік бағасын;
- f) егер, мұндай бар болса, құрамның қолданылу ауқымы, мысалы өндіріс немесе сату тіркеуінің саны немесе көлемі туралы куәландыратын ақпаратты;
- g) егер, мұндай бар болса, қаралатын пестицидтердің басқа құрамдарын және осы құрамдармен байланысты оқиғаларды;
- h) ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрестің ұқсас әдістері;
- i) Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет анықтайтын осы мәселеге қатысы бар басқа ақпаратты.

3-бөлім. Аса қауіпті пестицидтер құрамын III қосымшаға қосу критерий

Химиялық заттарды қарау жөніндегі комитет 6-баптың 5-тармағына сәйкес хатшылық жіберген ұсыныстарды қарау кезінде мынадай факторларды назарға алады:

- a) ұсынушы Тарап шеңберінде кең таралған немесе қолданылған танымал тәжірибеге сәйкес жүзеге асқан құрамның пайдаланылуы туралы куәландыратын деректер сенімділігінің тіркелген оқиғаларға алып келгенін;
- b) ұқсас климаты, жағдайлары және құрамды пайдалану сипаты бар басқа мемлекеттер үшін осындай оқиғалардың өзектілігін;
- c) тиісті инфрақұрылымы жоқ мемлекеттерде тиімді немесе кеңінен қолданылмауы мүмкін технологиямен немесе әдістермен байланысты қайта өңдеуді немесе қолдануды шектеудің бар болуын;

d) пайдаланылған құрам көлемі тұрғысынан тіркелген салдарлардың
м а ң ы з д ы л ы ғ ы н ; ж ә н е

е) алдын ала болжанған бұрыс пайдалану сол немесе өзге құрамды III қосымшаға
қосу үшін жеткіліксіз негіз болып табылмайтынын.

V қосымша

ЭКСПОРТ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАДАҒЫ БАР АҚПАРАТҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

1. Экспорт туралы хабарлама мынадай ақпаратты қамтиды:

a) экспорттаушы Тараптың және импорттаушы Тараптың тиісті тағайындалған
ұлттық органдарының атауы және мекен-жайы;

b) импорттаушы Тарапқа экспорттық жеткізуді жүзеге асырудың болжамды күні;

c) тыйым салынған немесе қатаң шектелген химиялық заттардың атауы және 5-
бапқа сәйкес хатшылық ұсынуы тиіс I қосымшада көрсетілген ақпараттық материалдар
резюмесі. Қоспада немесе құрамда осындай химиялық заттардың біреуі бар болса,
осындай ақпарат әрбір химиялық затқа ұсынылады;

d) егер, ол белгілі болса, химиялық заттың болжамды санаты және оның
импорттаушы Тарапқа осы санат шеңберінде пайдаланудың болжамды түрі көрсетілген
ө т і н і ш ;

e) әсер етуді және химиялық зат шығарындысын қысқартуға бағытталған
сақтанудың шаралары туралы ақпарат;

f) қоспа немесе құрам болған жағдайда, осы тыйым салынған немесе қатаң
шектелген заттың концентраты көрсетіледі;

g) импорттаушының атауы және мекен-жайы;

h) импорттаушы Тараптың тағайындалған ұлттық органына көмектесе алатын
экспорттаушы Тараптың тағайындалған ұлттық органында бар кез-келген қосымша
а қ п а р а т .

2. 1-тармақта ескерілген ақпаратпен қоса экспорттаушы Тарап импорттаушы Тарап
сұратуы мүмкін 1-қосымшада белгіленген осындай қосымша ақпаратты ұсынады.

Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге
қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы
мемлекеттік тілдегі мәтіні, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен
куәландырылған конвенцияның орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқалы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у

вице-министрі

